

Қауымдық сервитутты белгілеу туралы

Ақмола облысы Ақкөл ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 29 шілдедегі № А-7/142 қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Ақкөл ауданының әкімдік ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ақкөл ауданының, Қарасай ауылдық округі әкімшілік шекарасында орналасқан, осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жалпы ауданы 36,2 гектар жер учаскесін "Melior Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне меншік иелері мен жер пайдаланушылардан жер учаскесін алып қоймай, 2030 жылғы 24 қыркүйекке дейінгі мерзімге пайдалы қазбаларды барлау үшін қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Melior Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға шығындарды толық көлемде өтеуді қамтамасыз етсін, залалдардың мөлшері мен оларды өтеу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімімен белгіленсін.

3. "Melior Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне пайдалы қазбаларды барлау мақсатында жер учаскесін пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарын сақтасын.

4. "Ақкөл аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қауылын Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерін эталондық бақылау банкінде ресми жариялануға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақкөл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

6. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күшіне енгізіледі.

Аудан әкімі

Б.Әбдірахманов

Ақкөл ауданы әкімдігінің
2025 жылғы "29" шілдедегі
№ А-7/142 қаулысына
1 қосымша

"Melior Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі

				Оның ішінде

№ р/с	Ж е р пайдаланушыла рдың (меншік иелерінің) атауы	кадастрлық нөмірі	Жария сервитут белгілеудің жалпы ауданы, гектар	а у ы л шаруашылығы алқаптары, жайылымдар, гектар	Өнеркәсіп, көлік , байланыс жерлері, гектар
1	"Ақмола облысы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының Степногорск о р м а н шаруашылығы мекемесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	01-001-041-004	36,2	36,2	
	Жиыны			36,2	